# Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2017 жылғы 14 қарашадағы 153-ө өкімі

## Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия қызметінің мақсаты қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ереженi басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

5. Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

### 2. Комиссияның негізгі міндеті

6. Комиссияның негізгі міндеті:

1) латын графикасына көшу кезінде туындайтын проблемалар мен қиындықтарды анықтау мақсатында латын графикасына көшкен елдердің тәжірибесін зерделеу және талдау;

2) қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру;

3) қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің тәсілдерін айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

### 3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

7. Комиссия жұмысының ұйымдастырылуы мен тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.